

ӘОЖ 2 (574)

Қ.М. Борбасова*, Ш.С. Рысбекова, Қ.А. Затов

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*E-mail: karlygash_bm@mail.ru

**Қазақстандағы дінаралық келісімді нығайтудағы
мемлекеттік саясат және Орыс православ шіркеуінің қызметі**

Қазақстан халықаралық құқық субъектілері арасында алғашқылардың бірі болып әлемдік және дәстүрлі діндер мен конфессиялар лидерлері арасында диалогты ілгерілету ісін бастап, өзіне зор жауапкершілік алды.

Астанада өткен әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съездерінде халықаралық қауіпсіздікті нығайту, толеранттылық пен пікірлестікке негізделген әлемді құру, түрлі діндер мен мәдениеттер арасындағы өзара әрекеттестікті нығайту, өзара сыйластық пен түсіністікті, оның ішінде дінаралық және конфессияаралық диалогты жүзеге асыру мәселелеріне ерекше мән берілді. Мақалада осы мәселелердің Қазақстан жерінде шешім тауып жүзеге асырылуы және осы Орыс православ шіркеуінің қызметінің үлесіне баға беріледі.

Түйін сөздер: дін, мемлекет, саясат, дінаралық келісім, Орыс православ шіркеуі.

K.M. Borbassova. Sh. C. Rysbekova. K.A. Zatov

**Public policy in strengthening interfaith harmony
and the role of the Orthodox Church in Kazakhstan**

On strengthening inter-confessional harmony and dialogue of leaders among world and traditional religions, Republic of Kazakhstan as international legal subject, demonstrates the example of respectful and neighborly co-existence of different confessions and ethnoses to the whole world.

The article focuses on convention of leaders of world and traditional religions which is passed in Astana, the essence of which is the strengthening of inter-confessional dialogue as one of major instruments of maintenance of the world and consent between people and nations, supports of effort of international association on advancement of dialogue between civilizations. Also in the article describes the policy of the state in these questions and the role of Orthodox Church in strengthening religious tolerance.

Key words: Religion, state, politics, inter-confessional harmony, Russian Orthodox Church.

К.М. Борбасова, Ш.С. Рысбекова, К.А. Затов

**Деятельность Православной церкви в Казахстане и государственная политика
в укреплении межконфессионального диалога**

В вопросах укрепления межконфессионального согласия и диалога лидеров среди мировых и традиционных религий Республика Казахстан как субъект международного права демонстрирует всему миру пример уважительного и добрососедского сосуществования различных конфессий и этносов.

В статье акцент сделан на прошедший в Астане съезд лидеров мировых и традиционных религий, сущность которого в укреплении межконфессионального диалога как одного из важнейших инструментов поддержания мира и согласия между народами и нациями, поддержки усилия международного сообщества по продвижению диалога между цивилизациями. Также в статье рассматривается политика государства в этих вопросах и роль деятельности Православной церкви в укреплении религиозной толерантности.

Ключевые слова: религия, государство, политика, межконфессиональное согласие, Русская Православная церковь.

Қазіргі қазақ елі полиэтносты, поликонфессиялы мемлекеттердің бірі болып табылады. Бірқатар ұлыстардың басы қосылған қазақ жерінде мәдениетаралық (этносаралық, конфессияаралық) сұхбаттастықты сақтай алу күн тәртібіндегі өзекті мәселе. Осы уақытқа дейін Қазақстан әлемдік сахнада өзін тыныштық пен бейбіт өмірдің ареалы ретінде көрсетіп келеді. Оған негіз де жоқ емес. 2003 жылы Елбасының ұсынысымен бастама алған «Дәстүрлі және әлемдік діндер басшыларының» Съезі дінаралық келісімге келіп қана қоймай, адамзат өміріне тағдыршешті мәселелерді біріге отырып шешудің мүмкіндігін дәлелдеп отыр. Дөңгелек үстелдің басында діни дүниетанымдары әртүрлі дінбасыларының ортақ мәселеде біріге алатындықтарын бүкіл әлем байқады. Қазақстан халықаралық құқық субъектілері арасында алғашқылардың бірі болып әлемдік және дәстүрлі діндер мен конфессиялар лидерлері арасында диалогты ілгерілету ісін бастап, өзіне зор жауапкершілік алды.

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері 2003 жылғы алғашқы съезде, 2006 жылғы екінші съезде, 2009 жылғы үшінші съезде және 2012 жылғы төртінші съезде халықаралық қауіпсіздікті нығайту проблемалары мен толеранттылық пен пікірлестікке негізделген әлемді құру, түрлі діндер, мәдениеттер мен өркениеттер арасындағы өзара әрекеттестік тақырыбын қозғау, өзара сыйластық пен түсіністікті, оның ішінде дінаралық және конфессияаралық диалогты жүзеге асыру жолымен тарату мәселелеріне ерекше мән берілді.

Бұл съезд әлемде адамгершілік негіздерін нығайтуға, бағалы рухани-әлеуметтік бағдарларды бекітуге, қазіргі адамзат тұрмысындағы маңызды мәселелер аясында діндер мен мемлекеттер диалогын қалыптастыруға тырысатын түрлі конфессия өкілдері мен саясаттанушылардың қатысуымен ерекшеленеді. Съезге қатысушылардың декларация мен үндеу форматындағы қорытынды құжаттары бүкіләлемдік қоғамдастық пен барлық жұртшылыққа жеткізетін жоғарғы маңызды пайымдаулар болды десек артық болмайды. Қорыта айтқанда, диалог алаңы ретінде Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі рухани-адамгершілік құндылықтардың өзара кірігуі, халық пен қоғам санасына әлемдік және дәстүрлі діндер идеалдарын ендіру мен уағыздау процесінің қозғаушы күшіне айналды.

2011 жылдың 11 қазанында Елбасы Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңына қол қойды. Заңның басты ережелерін іске асыру дін саласын құқықтық реттеуді жөнге келтіруге мүмкіндік берді. Өз дәстүрлері мен құндылықтары бар этностық және конфессиялық топтардың әралуандығы, Қазақстанның геосаяси тұрғысынан қолайлы жерде орналасуы қоғамдық қауіпсіздікке, қоғамдық тәртіпке, азаматтардың денсаулығы мен жан саулығына төнетін қатерлерге қарсы әрекет етудің тетіктерін жасап шығаруды және нығайтуды талап етті. Сондықтан жаңа заңның діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеу туралы ережесі осы саланы дұрыс реттеудің қажетті тетігі болып табылады. Жалпы, діни бірлестіктерді қайта тіркеу шаралары ел-жұрттың және негізгі діни бірлестіктердің оң бағасын алды.

Халықтың рухани мұрасын, моральдық құндылықтарын, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын сақтаушы миссиясын атқарып келген діндерге қатысты Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңында: «Қазақстан Республикасы халықтың мәдениетінің дамуы мен рухани өміріндегі ханафи бағытындағы исламның және православтық христиандықтың тарихи рөлін таниды, Қазақстан халқының діни мұрасымен үйлесетін басқа да діндерді құрметтейді» деп көрсетілді.

Қазақстан аумағында ислам мен православиенің тарихи рөлінің танылуы осы діндердің елдегі дінге сенушілердің 95%-ын қамтитындығымен тікелей байланысты. Сонымен қатар, заңнамада Қазақстан Республикасының әрбір азаматтың ар-ұждан бостандығын құптайтыны, өзге діндерді құрметтеп, конфессияаралық келісімнің маңыздылығын мойындайтыны да жазылған.

Қазақстанның ұлт бірлігі доктринасында этникалық немесе өзге де тегіне, діни мен әлеуметтік деңгейіне қарамастан, азаматтардың барлығына тең мүмкіндіктердің берілетіні жазылған және бұл ұлтаралық ынтымағымызды негіздейтін басты қағидаттардың бірі болып табылады. Мемлекетіміздің азаматтары қай этникалық немесе діни қауымдастықтың өкілі болып саналса да, бірегей азаматтық қоғам құра отырып, ортақ құқықтар мен бостандықтарды толығымен пайдаланады. Мемлекет пен діни бірлестіктердің өзара қарым-қатынасын айқындайтын ұстанымдар діни сенім бостандығы деңгейін танытатын

айқын индикатор іспеттес. Біздің бұл саладағы басымдықтарымыз анықталған. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев атап өткендей, «Қазақстанда қоғам діннен бөлінбеген, сондықтан да мемлекет осы саладағы қоғамдық қатынастарды реттеуден тыс қала алмайды. Оның өзінде діни сенімдердің адамгершіліктік бастауларға негізделетінін және үлкен гуманистік әлеуетке ие екендігін ескерген жөн, оларды қоғамның рухани құндылықтарын дамытып, қазақстандық патриотизмді нығайтуға, ұлтаралық және конфессияаралық татулықты тұғырландыру мен діни экстремизмнің алдын алуға пайдалану керек» [1]. Қоғамның рухани қауіпсіздігін қамтамасыз ету, азаматтардың бостандықтары мен құқықтарын қорғау, діннің теріс пиғылды және экстремистік мақсаттарға пайдаланылуына жол бермеу – міне, мемлекеттің дін саласындағы саясатының басты бағыттары осындай.

Толеранттылық идеясын қоғам мүшелеріне сіңіре алу оңай іс емес. Бұл күрделі жұмыс күнделікті дәстүрлі діндердің бойындағы гуманистік, бейбіт өмірге үндеуші қасиеттерін көрсетумен жүзеге асырылып келеді. Қайырымдылық іс-шаралар, әлеуметтік жағдайлары төмен топтарға көмек көрсету, адамгершілік қасиеттерін дәріптеу барысында тынбай еңбектенуді талап етеді және доктриналық тұрғыдан өз позицияларын ұстанатын дін өкілдері мұндай адамгершілік құндылықтарда ортақтасатыны анық. Сондықтан дәстүрлі діндердің қоғамдағы рөлін күшейтуде негізгі назар олардың бөлінетін тұстарына емес, игілікті істер басында бірігетін жақтарына аударылуы тиіс.

Дінаралық келісімге келу сұхбаттасудың ерекшелігін түсінуден бастама алады. Сұхбаттастық мәдениеті екі немесе одан да көп көзқарастар орын алған кезде, өзара ақпарат алмасу арқылы теңдей дәрежеде өз көзқарастарын білдірген кезде, айтылған ақпаратты түсінуге бейімді болып, өзгенің ойын қабылдай алғанда, ортақ мәмілеге келе алатын жағдайда және өзін өзгенің көзімен көре алатындай жағдайда ғана орын алатынын есте ұстау керек. Мұндай түсіністік орын алмаған кезде әртүрлі сипаттағы ксенофобия, экстремистік әрекеттердің орын алуы күтілетін жағдайға айналып, діни негіздегі шиеленістерге әкелуі мүмкін.

Бүгінгі таңда дінаралық қақтығыстардың түпкі тамырына қарайтын болсақ, көп жағдайда оларға бастама болатын әлеуметтік мәселелер,

заңсыз миграциялар, жастардың жұмыссыздығы, діни сауатсыздық, қоғамда өз орнын таба алмаушылық болып отыр. Өзінің ұлтының тарихи қалыптасуындағы діни негізді сырттан келген жасанды ұстанымнан ажырата алмау діни төзімсіздікке алып келуде. Сондықтан елімізде діни, мәдени толеранттылықты тәрбиелеу аясында жасалып жатқан мемлекеттік бағдарламаларды жалғастыру дінаралық келісімді нығайтуда өз нәтижесін береді деген сенімдеміз. Бұл ретте елімізде орта білім беру мен жоғары оқу орындарына енгізіліп отырған дінтану пәнінің орны бөлек. Дінтану пәнінің қоғамдық келісімді сақтаудағы рөлі бір жағынан оқушылар бойында өз діни ұстанымын еркін таңдауға мүмкіндік берсе, екінші жағынан өзге діндердің мәдениетімен терең танысқан оқушының басқа діни дүниетанымға деген толерантты болуын тәрбиелейді. Бұл мәдениет мемлекеттік-институционалдық салаға енгізілген жағдайда ғана қоғамның консолидациялануы сақталады. Себебі өздерінің ұстанымдарының әртүрлі болғанына қарамастан, мемлекеттің азаматы ретінде елдің мүддесіне қызмет етуі тиіс, сонда ғана әлеуметтік тұрақтылық, мемлекеттік басқарудың тиімділігі және мәдени тұтастық болады және бұған әрбір азамат мүдделі. Тек бейбіт өмір жағдайында ғана адамзаттың қолайлы өмір сүру жағдайы болуы мүмкін. Бұған тарих беттерінде болған діни негіздегі соғыстар, жанжалдар дәлел екені бәріне мәлім.

Қазіргі кездегі Қазақстанда дінаралық келісімді дәстүрлі дін өкілдерінің арасындағы сұхбат және жаңа заңға байланысты тіркеуден өткен діни бірлестіктер мен зайырлы институттар арасындағы сұхбат ретінде қарастыруға болады. Мемлекет деңгейінде заңдық нормаларға байланысты азаматтардың сенімдері реттестіріліп отырса, екінші сала – қоғамдық сананы қалыптастыруда үлкен қызмет атқарып отырған дәстүрлі дін өкілдеріне дінаралық келісімді нығайтуға үлкен жауапкершілік артылған.

Қазақстанда Православие сенушілер саны бойынша Исламнан кейінгі екінші діни бағыт болып табылады. Елімізде православиенің пайда болу тарихы Қазақстанның Ресейге қосылуы салдарынан туындаған бастапқы әскери қоныстармен байланысты. 1871 жылы Түркістан епархиясы құрылды, одан қазіргі Алматы, Шымкент және Ташкент епархиялары таралды.

Бірінші революциядан кейінгі жылдары Ресей православтық шіркеуін қатаң қудалаумен

сипатталды. 30-жылдардың аяғына қарай Қазақстанда әрекет ететін храмдардың жалғыз жарымы қалдығы көптеген шіркеу ғимараттары бұзылды, қоймалар және т.с.с. ретінде қолданылды [2].

Кенестік үкімет басшылығының дінге көзқарасы Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Орыс православ шіркеуі тарапынан жауынгерлердің рухын көтеретін отансүйгіштік шақырулардың болуымен жеңілдеді. Бұл фашист басқыншыларға қарсы халықтың рухын көтерді. Осы кездері Қазақстанда қайтадан шіркеулер ашыла бастады.

Православтық өмір салтын қайта орнына келтіру республикамызда 1945 жылы басталды. Осы жылы қасиеттілер қатарына қосылған, митрополит Николай (Могилев) алғашқы билеуші архиерейі болған Алматы және Қазақстан епархиясының негізі қаланды. Соғыстан кейінгі қиын да қыстау жылдары да Қазақстан қуғынға ұшыраған шіркеу қызметкерлерін қабылдады. Олардың басым бөлігіне тұрғылықты халық тарапынан, ал кейбіреулеріне жергілікті мұсылмандар тарапынан көмек көрсетілді. Ақтөбе облысының Шалқар станциясында қуғында болып, кейін Алматы және Қазақстан митрополиті болған дін қызметкері Николайды қарапайым татар-мұсылман өлімнен аман алып қалған болатын. 1942 жылдың күзінде жол бойында ес-түссіз, өлім алдында жатқан оны ауруханаға алып барып, кейін өз үйінде паналатқан. Дәл солай 1954 пен 1956 жылдары Көкшетаудан қуғындалып, кейін Алматы және Қазақстанның митрополиті болған Иосифты (Чернов) көпбалалы мұсылман қазақ отбасы қабылдап, оны өз отбастарының сыйлы мүшесі ретінде күткен. Қалай дегенмен Кеңес өкіметі кезіндегі мемлекеттік саясат сол атеистік қалпын өзгертпеді. Діни қызмет билік тарапынан қатты қадағаланды.

Михаил Михайлович Ларионов 07.00.02. – Отан тарихы (Қазақстан Республикасының тарихы) мамандығы бойынша «Шығыс Қазақстандағы XVIII–XX ғасырлардағы орыс православиесі» тақырыбында жазған диссертациялық жұмысында Шығыс Қазақстанда XVIII–XX ғасырлардағы орыс православиесінің тіршілік қарекетінің әлеуметтік-экономикалық және тарихи аспектілерін зерттей келіп бірнеше қорытынды жасайды:

«...Орыс Шіркеуінің тарихындағы ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның бүкіл тарихында-

ғы айтулы парақ – Ертіс өңірі жеріндегі православиенің пайда болуымен және одан әрі өмір сүруімен байланысты үрдістер; Орыс православтық Шіркеуі монархиялық құрылым кезінде үстем болған жағдайдан кенестік кезеңдегі тоқтаусыз қудалаулар жағдайында аман қалу үшін күресті іске асыру қажет болғанға дейінгі күрделі жолдан өтті. Осындай бүкіл тарихи катаклизмдер кезінде православ христиандар аман қалып қана қойған жоқ, сонымен бірге өз іліміне деген адалдығын сақтап қалды, жаңарушылдық және басқа да бөлінулердің қиындығын жеңіп шықты, Шіркеудің біздің кезімізде үш қазақстандық епархиядан, шіркеулік округтер мен приходтардан тұратын құрылымын сақтап қалды, патриотизм мен интернационализм рухында тәрбиеленген лайықты ізбасарлар өсіре білді» – деген тұжырым жасайды. Сонымен қоса автор өзінің ғылыми жұмысының мақсаты мен практикалық қолданымын: «Тарихты аналитикалық, сыни тұрғыда зерделеу және одан тиісті сабақ алудың өзі, әрине өзінің алдына өткенде орын алған қателіктерге жол бермеу жөнінде мақсат қойғысы келген қазіргі жас ұрпаққа қажет», деп көрсетеді. Шығыс Қазақстандағы православие тарихының тағдыры арқылы біз жалпы қазақ халқының тағдыры туралы да мәлімет аламыз.

М. Ларионов арнайы зерттеуінде «Аймақты христиандандыру XVIII ғасырдан басталып, XX ғасырдың 10-жылдарында аяқталған, екі жүз жылдай уақыт аралығында жүргізілді. Христиандықпен қоса келген православтық сәулет дәстүрі мұсылмандық сәулет өнеріне үлкен ықпалын тигізді» [3] – деп қазақ жерінде христиандықтың таралуы жергілікті халықтың мәдениетінің кейбір салаларына елеулі әсер етіп, мәдениетаралық сұхбаттың нәтижесінде діни, ұлты әртүрлі халықтардың мәдени ошақтарды тұрғызғанын айтады.

Діни өмірдің шынайы жандануы сонымен қатар православ шіркеуінің Қазақстанның тәуелсіздік алуымен басталды. Ислам мен православие еліміздің рухани өміріне арқау болғандығы жайлы Елбасы Н.Назарбаев бірнеше рет айтып өткен болатын. Соның бірі, 2012 жылдың 7-қаңтары күні Астана қаласындағы Қасиетті Успен соборының ашылуында Елбасының: «Құс екі қанатынсыз ұша алмайтыны секілді мемлекет те екі қанатынсыз алға жылжи алмайды. Мемлекетіміздің екі қанаты: Ислам және Православие еліміздің негізгі діндері саналады. Сондықтан да

менің шешіміммен Құрбан айт және Рождество демалыс күндері болып жарияланды. Осындай өзара түсіністік арқасында елімізде бейбітшілік, келісім және молшылық орнап отыр. Қазіргі әлем дүрлігіп жатқан кезде Қазақстан өзінің өзара түсіністігімен, келісімімен және төзімділігімен баршаны таңдандыра білуі қажет» – деп, айтқан сөздері дәлел бола алады.

1991 жылдан бастап РПШ Қасиетті Синод Қазақстанда қауымдарды үш епархиялық басқармаларға бөлді. Тәуелсіз Қазақстанда православиеліктердің бірінші рухани басшысы – Архиепископ Алексей – Кутепов Андрей Николаевич болды. Ол ұлтаралық және конфессияаралық келісімді нығайтқаны үшін 1995 жылы Бейбітшілік пен рухани келісімнің Президенттік сыйақысын иеленді, 1999 жылы «Астана» медалімен, 2001 жылы «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл» медалімен, 2002 жылы «Парасат» орденімен марапатталды [4].

Діни сенім бостандығына құқық беру толыққанды рухани өмірге оралуға мүмкіндік берді. Егер 1956 жылы Қазақстанда барлығы 55 Орыс православ шіркеуі (ОПШ) қызмет етсе, 1999 жылы республика көлемінде 212 шіркеу, 8 монастырь қызмет атқарған. Соңғы жылдықта бұл көрсеткіштердің өсуі байқалып отыр. 2012 жылғы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заң негізінде діни бірлестіктерді қайта тіркеу үдерісі жүргізілді. 2012 жылдың 25 қазанына дейін жүргізілген тіркеу барысында Қазақстанда Митрополиттік аймақ республикалық діни бірлестігі, 9 епархия және 261 приходты қоса алғанда, барлығы 271 православ шіркеуінің діни бірлестіктері қызмет еткен [5]. Православ дінге сенушілердің көбі Алматы, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Қарағанды және Ақмола обылыстарында тұрады. Бұған қоса, Қазақстанда православ монастырьлары бар. Қызмет ететін барлық шіркеулер мен сыйыну үйлерінің жанында шіркеу жанындағы православие негіздерін оқыту мектептері, жексенбілік мектептер қызмет етеді. Бұл мектептерде балаларға қоса үлкендер де сабақ алуда.

1995 жылы мемлекет XX ғасырдың басында салынып, кейін архитектураның ерекше туындысы саналып кеткен, Алматы қаласында орналасқан Вознесен кафедралды соборын православ шіркеуінің қарамағына берді. Қазіргі уақытта ескі ғибадат ғимараттарын қайта қал-

пына келтіру мен жаңа шіркеулер және сыйыну үйлерін салу жүргізіліп жатыр.

Қазақстан Мәскеу қаласындағы Иса Құтқарушы шіркеуін қалпына келтіруге өз үлесін қосты. Еліміздің бұл игі іске қосқан ерекше үлесі, еш қайтарусыз, ғимаратты қалпына келтіру барысында сыртқы бедерін өрнектеуге арналған гранитті Қордай кен орнынан жіберу болды.

Орыс православтық шіркеуін 1990-2008 жылдар аралығында басқарған Мәскеу және барлық Русьтің патриархы II Алексей 1995 жылы шілде айында Қазақстанда сапарда болып, Алматы және Қарағанды қалаларында болды. Ол Қарағандыда Свято-Введен соборын дәріптеді. Бұл собор Орталық Азияда көлемі бойынша ең ірі және архитектуралық сымбатты ғибадат орны болып саналады.

Соңғы жылдары Қазақстан көлемінде Алматыда Иса Құтқарушы храмы, Павлодарда Благовещен соборы, Екібастұз қаласында Серофимо-Ивер соборы, Талдықорғанда Иоанн діни соборы, Қостанайда Константин-Еленин храмы, Сатбаев қаласында Қасиетті Николь храмы және өзге де ғибадат үйлері салынды. 2009 жылы Астанада Қасиетті Успен кафедралды соборы тұрғызылды. Оған қоса бірнеше монастырьлар ашылды. 2005 жылы Астанада Константин-Еленин кафедралды соборының ашылуы мен дәріптелуінің 150 жыл толуына байланысты мерекелік іс-шаралар өткізілді.

2010 жылдың ақпан айында Қазақстанда Мәскеу және бүкіл Ресей патриархы Кирилл сапарда болды. Орыс православ шіркеуінің басшысы Алматы және Астана қалаларында болып, қоғам өкілдерімен кездесіп, шіркеулерде қызмет қылды. Оның сапарының басты оқиғасы Қазақстанның астанасында жаңадан бой көтерген Қасиетті Успен соборын дәріптеуі болды.

Қазақстандағы ресми мерекелердің қатарына Рождество (Исаның Туылуы) православ мерекесі (7 ақпан) енгізілді. Бұл күн республика көлемінде демалыс күні болып саналады.

Соңғы жылдары елімізде православиенің құрылымына реформа жасалуда. 2003 жылдың мамыр айында Орыс православ шіркеуінің синоды Қазақстан Республикасында Митрополиттік округ құрып, оның құрамына Астана, Орал және Шымкент епархияларын енгізді. Митрополиттік округ – бұл епархияларды біріктірудің ерекше түрі, ОПШ шеңберінде тек Қазақстан

аумағында қызмет етеді. Округ діни-ағарту, баспа, әлеуметтік және өзге де әлеуметтік-маңызды мақсатта Қазақстан Республикасы аумағында құрылған болатын. 2003-2010 жылдары округті митрополит Мефодий (Немцов) басқарды. Ал 2010 жылы округ басшылығына митрополит Астана және Қазақстандық Александр (Могилев) тағайындалды.

2010 жылдың шілде айында Орыс православ шіркеуінің Қасиетті синоды Қазақстанның митрополиясының дербес құқыққа ие болатын Орыс православ шіркеуінің жаңа канондық бөлімшесі ретінде Қазақстан Республикасындағы (Орыс православ шіркеуінің) Митрополиттік округі ретінде мәртебесін анықтайтын бірқатар маңызды құжаттарды қабылдады. Осыдан бастап Қазақстан Республикасындағы (Қазақстанның Православ шіркеуінің) Митрополиттік округ ерекше тәуелсіздік құқығына ие болды. 2010 жылдың 26 шілдесінде ОПШ Қасиетті синоды республикамызда тәуелсіз канондық құрылым ретінде – басшысы митрополит Александр болып тағайындалған Митрополиттік округтің өзіндік жарғысын бекітті.

Соңғы жылдары Қазақстандағы православ шіркеуінің құрылымын реформалау жүзеге асуда. 2010 жылдың қазан айына дейін Митрополиттік округ орталықтары Астана, Шымкент және Орал қалаларында орналасқан үш епархияны қамтыды. 2010-2011 жылы ОПШ Қасиетті синоды шешімімен алты жаңа епархия құрылып, орталықтары Қарағанды, Қостанай, Көкшетау, Петропавл және Өскемен қалалары болды.

2010 жылды Алматы қаласында православ шіркеуінің жоғары құдай ілімін оқыту орны – Рухани семинария (бұған дейін ол жерде тек рухани училище болған болатын) ашылса, 2012 жылдың 29 мамырында Астана қаласында Қазақстан Православ шіркеуі синодының ғимараты және Кирилл мен Мефодий тең апостолдығы атындағы рухани-мәдени-ағарту орталығының ашылуы болды.

Православ шіркеуі бірнеше этномәдениет ошақтарымен, қоғамдық ұйымдармен, оның ішінде Ресейдің қоғамдық ұйымдары мен оқу орындарымен байланыс жасайтын «Светоч» фондымен байланыс құрады.

Ай сайын «Қазақстандағы православиені жарықтандыру», «Веди» және «Астаналық Православтық Вестник» атты газеттер шығады. Осы басылымдар арқылы өз діндерін уағыздаумен қоса Қазақстандағы діни жағдайды тұрақтандыруға байланысты және діни фанатизм мен экстремизмге қарсы көзқарастарды халыққа жеткізу мақсатында біраз қызметтер атқаруда.

Орыс православ шіркеуі жас ұрпақты тәрбиелеуге өте ерекше мән береді. Қазір барлық православ шіркеулерінің жанында жастар топтары (жексенбілік мектептерге қоса) жұмыс істейтінін атап өту керек. Осы жастар топтарына жетекші шіркеу қызметкері арнайы бекітілген. 2012 жылдың ақпан айында Қазақстанның Православ жастары қозғалысын құру жайлы шешім шығарылған Қазақстан Республикасы православ жастарының I Құрылтайы өткізілді.

Православ шіркеуі – дін және өркениеттер пікір алмасу алаңының тұрақты мүшесі. Православ шіркеуінің мүшелері форумдар барысында, конференциялар, әртүрлі деңгейдегі дөңгелек үстелдердің де тұрақты қатысушысы болып табылады. Астана қаласында өткізілген әлемдік және дәстүрлі діндер құрылтайының төртеуінде де жоғарғы деңгейдегі Православ шіркеуінің өкілдігі қатысқан болатын. 2012 жылы Астанада өткізілген IV Құрылтайға Мәскеу және бүкіл Ресей патриархы Кирилл қатысқан болатын.

Өзінің сөйлеген сөзінде ол «Қазақстан және оның қонақжай астанасы міне төртінші рет әлемдік деңгейдегі діни дәстүрге негізделген және әлемдік маңызға ие болған диалогтың алаңы болып отыр. Мемлекеттік құрылымның қатысуымен болып отырған әлемдік және дәстүрлі дін басшыларының біздің діни қауымның ғана емес, сонымен қатар әлемнің көптеген халықтарының уақыт талабының сауалдарына жауап беруге және ойтолғауымызға себеп болып отырғанына қуанбасқа болмайды» [6] деп, өзінің игі тілектерін білдірген болатын.

Тәуелсіз Қазақстанның тарихының бастауынан бастап Орыс православ шіркеуі, оның ішінде Қазақстан Республикасындағы Митрополиттік округ мемлекеттің серіктесі болып, қоғамдағы тұрақтылық пен конфессияаралық бейбітшілікті сақтауға бағытталған саясатта ерекше маңызға ие болуда.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан – ортақ үйіміз. – Астана Ақшамы 29 сәуір 2013 .
- 2 Байеке М.Ә. Орталық Азия мен Қазақстанның мәсіхшілік тарихы. – Алматы: ЖШС «Литера – М» 2006. – 384 бет. 324-326-б.
- 3 Ларионов М.М. Православное церковное зодчество центральной и южной части Восточного Казахстана конца XIX-начала XX веков // Региональная история в контексте мирового исторического процесса (2-ые Касымбаевские чтения): Материалы международной научно-практической конференции Семипалатинский государственный пединститут, 14-16 дек. – Семипалатинск, 2006. – С. 428-435.
- 4 mitropolia.kz/
- 5 Мемлекет және дін. Қазақстан Республикасы дін істері агенттігінің журналы, 2012. – №4 (23). – 70-б.
- 6 mitropolia.kz/

References

- 1 Kazakhstan - ortak üyimiz. – Astana Akshamy 29 säuir 2013.
- 2 Bayeke M.Ә. Ortalyk Asia Kazakhstan мәсіhshilik тарихы changed. – Almaty: ZHSHS “Letter - M” 2006. - 384 bet. 324-326bb.
- 3 Larionov M. Orthodox church architecture of the central and southern part of the East Kazakhstan late XIX-early XX centuries // Regional history in the context of world historical process (second reading Kasymbaevskie). Proceedings of the international scientific-practical conference Semipalatinsk State Pedagogical Institute, 14-16 December. – Semipalatinsk, 2006. – S. 428-435.
- 4 mitropolia.kz/
- 5 Memleket zhane din. Kazakhstan Respublikasy din isteri agenttiginin magazines. – 2012. – №4 (23). – 70-b.
- 6 mitropolia.kz/